

Каспий теңізінің Қазақстан секторының лицензиялық блоктарының өнімін бөлу бойынша келісім-шарттарды әзірлеу жөніндегі шаралар туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің ӨКІМІ 1998 жылғы 9 қазан N 194

Каспий теңізінің Қазақстан секторының лицензиялық блоктарының өнімін бөлу бойынша келісім-шарттар жасасу мақсатында:

1. "Қазақойл" ұлттық мұнай-газ компаниясы" акционерлік қоғамы Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің штаттан тыс консультанты болып табылатын " Меркейтор Корпорейшн" компаниясының президенті Дж.Г.Гиффенмен бірлесіп, әлеуетті инвестор компаниялармен мына блоктар бойынша өнім бөлу жөніндегі келіссөздерді жалғастырсын және келісім-шарттарды қол қоюға әзірлесін:

- 1) XI блоктар - 1,2 ("Қаламқас Б");
- 2) IX блоктар - 11,12 және X блоктар - 9, 10 ("Құрманғазы");
- 3) X блоктар - 7 және XI блоктар - 4 ("Оман Ойл Компани" компаниясы таңдап алған блоктар) ;
- 4) XII блоктар - 2,3 ("Амоко" компаниясы таңдап алған блоктар).

2. Өнім бөлу жөніндегі келісім-шарттардың жобалары 1998 жылдың 15 қарашасынан кешіктірмей әзірленіп, Қазақстан Республикасы Үкіметінің қарауына ұ с ы н ы л с ы н .

П р е м ь е р - М и н и с т р